

ҚОШ
КЕЛДІҢІЗДЕР!



- Жоспар:
- Кіріспе
- Негізгі бөлім

• Науқастардың ауруға деген
психологиялық мінез кұлықтық
жауаптары






Науқастардың ауруға деген психологиялық мінез құлықтық жауаптары

Науқас тұлға ретінде - бұл жеке алынған адам, ол өзіне тән жекеше биологиялық, әлеуметтік шартты құбылыстары және психикалық қасиеттерімен сипатталады. Ол - тарихи дәуірдің және қоғамның туындысы. Алайда, науқас - тұлға ғана емес, ол организм. Сондықтан, тұлға - бұл сана тасымалдаушы адам.

Науқас тұлғасы жекеше құрастырылған функционалды құбылыстардан тұрады. Олар өмір жағдайына, тәрбиеге, ауруына байланысты өзгеруге қабілетті болады.





Науқас психикасын бағыттылығы - дертіне, оның күрделі және алыс болжамына, жазылу мақсатына жеіуге бағытталған, емделудегі белсенді әрекетінде басқарушы болатын, адамның көз-қарастары мен сенімдерінің жинағы. Науқас адамның моральдік қасиеттері және психикасы оның әлеуметтік жағын камтып, бүкіл тұлғасын айқындайды. Науқас тұлғасының бағыттылығы оның қасиеттерімен, түрлерімен белгіленеді.


Науқас тұлғасының дәрежесі - оның тұлғалық бағыттылығының жеке бастық, әлеуметтік және қоғамдық маңыздылығы.



gifzoo.com

gifzoo.com






Науқастың тұлғалық психологиялық бағытының түрлері - науқастың емделуге, сауығуға деген күштарлығы және ықыласы, жеке басының қоғамдық, әлеуметтік мүдделері, идеалдары, көзқарасы және бағыттылығының ең жоғары түрі - дәрігерге артқан сенімдері.


Науқас тұлғасының мүддесі - бұл тұлғаның спецификалық танымалдық түрі, емдік, диагностикалық үрдіске, емхана, аурухана ортасының құбылыстарына бағытталған. Мейірбике көрші бөлімшелердегі жатқан ауыр науқастар жайлы де айтпауы керек, себебі бұл - науқастың өз жағдайы жайлы қорқуына, уайымдауына әкеледі. Мейірбикенің науқаспен суық сөйлесуі, олардың арасындағы жақсы қарым-қатынастың және байланыстың түзілуіне кедергі келтіреді. Байланысты ойдағыдай орнату үшін науқастың уайымын түсіне білу керек.



A close-up photograph of a pair of hands gently holding a small, vibrant green seedling with several leaves. The seedling is planted in dark, rich soil. The hands are positioned on either side of the plant, with fingers slightly curled around the soil. The background is dark and out of focus, emphasizing the hands and the young plant. The overall mood is one of care and nurturing.

Мейірбикенің мейірімділікке дайын болуы үлкен роль атқарады. Науқастың қайғысына жауап беру, оның ауырлық сезімдерін жеңілдетуге тырысу, емдік әсерден кем емес. В.В.Вересаев өзінің «Дәрігер хаты» кітабында былай жазған: «Егер құпияны жасыру қоғамға және науқастың айналасындағы адамдарға қауіп төндірсе, онда дәрігер құпияны бұзуы керек. Бірақ, бұндай жағдайда, дәрігер не себептен ол науқас жайындағы құпияны бұзғаны туралы, науқастың және өзінің ар-ұятының алдында жауап беруі тиіс».






Соңғы кезде дәрігерлік құпия жөніндегі мәліметтерге бір қатар жаңа проблемалар қосылды. Олар медицинада жоғары технологиялардың, дәрігерлік әрекеттің жаңа бағыттары пайда болуына байланысты. Оларға жататындар — донор және реципиент қатынасы туралы, репродуктивтік технологиялар арқылы туған баланың биологиялық ата-анасы туралы мәлімет, т.б. Бұндай мәліметті білген дәрігерді, науқас адам өзінің жеке өмірін білуге мақұлдайды. Дәрігердің құпияны сақтау міндеті моралды-этикалық негізде бекітіледі.

Кейбір кезде, дәрігер мен мейірбике, медицина терминдерін шектен тыс қолданып, науқасты «медицина» тіліне көшуіне, яғни жанама сөздерді пайдалануына, ездері итермелейді. Бұл






Стилистикалық бөгет, қатынасу кезінде мейірбикенің тілі ситуацияға сәйкес болмаса, мысалы, ол тұрпайы сөйлеп, науқастың психологиялық ерекшеліктеріне, жағдайына байланыссыз, мәдени, білім дәрежесіне сай емес сөздерді қолдануы.

Логикалық түсіністік болмау кедергісі, мейірбикенің тілі күрделі, науқасқа түсініксіз немесе ақиқатқа сай емес болған жағдайда пайда болады. Бұл - мейірбикенің медициналық әрекет алдында жүргізілген сұхбаты кезінде немесе дәрі-дәрмек қабылдау ережелерін түсіндіргенде байқалады. Мейірбикенің пікірі бойынша, науқастың да дәлелдері қате болуы мүмкін.






Мәдени-әлеуметтік бөгеттің даму себептері, пациентті белгілі бір мамандықтың өкілі немесе ұлт, жыныс, жасының, әлеуметті жағдайдың тұлғасы ретінде қабылдау болып табылады. Кейбір ауруларға мейірбикенің беделі, әсіресе, жас мейірбикенің беделі жеткіліксіз болғандықтан, ол бұндай көзқарасқа дайын болуы керек. Қатынасу бөгеттері, кейбір науқастарға теріс негативті эмо-циялар, түсініксіздік пайда болуына байланысты дамиды.

Психологиялық бөгетгердің пайда болуының негізінде, науқас адамның ақпараттан қорғаныс реакциясы жатыр. Науқасқа түскен әр ақпарат, оның тәртібіне, пікіріне, ұстанымдарына тікелей әсерін тигізіп, өзгертуді кездейді.

Коммуникативтік әрекет әсері екі түрлі болуы мүмкін: автори тарлы және диалогты. Олар «сөйлеушінің», яғни мейірбикенің «тыңдаушыға, атап айтқанда, науқасқа», қатысты әртүрлі психологиялық ұстаным сипаты болуына байланысты. Авторитарлық . етуші мейірбикенің позициясы «жоғары», ал диалогтық қатын; — «қатар» болады.





Емдеу мекемесінің түріне, медициналық персоналдың, өзінің қатысасушылардың жеке бас ерекшеліктеріне байланысты, мектептің мен пациенттің диалогындағы позициясы әртүрлі болуы мүмкін; «жоғары», «қатарлас» немесе «төмен». Тең құқықты ұстаным жағдайында, екі жақ та өз меншікті пікірін құруға, оны қорғауға құқығы бар, екеуі де арақатынастың белсенді мүшелері ретінде қабылданады. Авторитарлық әрекет әсерінде «сөйлеуші», «тыңдаушының» бағыну жағдайында болуға қалап, оның ерекшеліктерін елемей, оны пассивті (белсенсіз) объект ретінде қабылдайды. Мысалы, бұл жағдайда, мейірімнің ойынша, пациентті ақпаратты толық назарымен, сынсыз қабылдауы керек және пациентте бұл мәселеге байланысты тұрақталған пікірі жоқ деп есептеп немесе ол өз ойын мейірімке қажетті бағытта өзгертуі қажет.

Науқасқа «Жедел» жағдай қатты ауырсыну сезіміне келесі психотерапиялық жұмыстарды да іске асыруы

«Жедел» жағдай қатты ауырсыну сезімімен, өлімнен қорқыныш сезімімен ұлттасады. Аталған жағдайда науқас адам психикалық стресс үстінде болады. Науқас қоршаған орталағы шындықты адекватты қабылдай алмайды. Ал қорқыныш және үрей сезімі ауру жөніндегі білімінің төмендігі және кемекеіздігі салдарынан арта түседі. Аталған жағдайда дәрігер емдік шараларды жүргізумен қатар, науқасқа келесі психотерапиялық жұмыстарды да іске асыруы тиіс:

• сырқаттың клиникалық көрінісін айқындау;

• аталған жағдайда науқастың психикалық жағдайын бағалау;

• науқастың дәрігермен байланыс құруға дайындығын бағалау;

• науқастың жеке өміріндегі сырқаттың ішкі көрінісі мен ролін орнату;

• науқасқа ұйымдастырылған психикалық үрдістің әсерін анықтау.

• науқасқа түсінікті түрде денсаулығы жағдайы жөнінде ақпаратты жеткізу.






«Жедел» жағдайдағы науқастардың көбісіне дәрігермен сұхбаттасу өзінің жағдайын түсінуге көмек береді, яғни, ол науқастың өз сырқатына оптимистік көзқараспен қарауымен сипатталады. Бұның нәтижесі науқастың «жедел» жағдайдан шығуын тездетеді.

Науқастың психикасы ауырсыну сезімі, патологиялық фактор әсеріндегі ағза жағдайы, қоршаған ортадағы адамдардың әсері, сонымен қатар сырқат жөніндегі науқас білімі негізінде қалыптасады.



Егер аурудың жақын арада жазылатынына дәрігер сенімді болса, ол науқасқа қуанышты хабарды жеткізуге құқылы.

Егер дерт созылмалы түрде немесе аталған уақытта жазылмайтын болса, дәрігер аурудың жазылатынынша кәміл сеніп, науқастың көңіл-күйін үнемі жоғарылатып отыруы тиіс.



Дерттің агымы белгісіз болған жағдайда, дәрігер науқасқа ешқандай нақты болжамды айтуға құқықсыз. Науқастың оптимистік көзқарасы оның дертінің ауырлық жағдайына сәйкес болуы тиіс. Адекватты емес науқастың оптимистік көзқарасы науқастың жағдайын нашарлатып, асқынуларға әкелуі мүмкін. «Жедел» жағдайдағы науқастармен сұхбаттасу барысында, жоғарыда аталған мәселені, әсіресе хирургия бөлімшесінде ерекше ескеру керек.

Ауыр аурумен сырқаттанған науқастарға дәрігердің «дерт жазылады» деген сөзі жеңіл көзқарасты көрсетеді деп қабылдануы мүмкін. Дәрігер аурудың теріс нәтижесі жөніндегі мәліметті жасырып, науқастың сауығуға деген сенімділігін тудыруы тиіс, ал дерттің қалай аяқталатынын жөніндегі қызығушылығын қоздырмағаны жөн.



Пайдаланған әдебиет
↑ Саяси түсіндірме сөздік. –
Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3

Назар аударғандарыңызға

рахмет!!!

